# Біліктілік жөнінде ұлттық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2019 жылғы 2 шілдедегі № 119-ө өкімі

## Біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес туралы ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.
2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.
4. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

### 2-тарау. Кеңестің негізгі міндеті

5. Кеңестің негізгі міндеті:
1) Ұлттық біліктілік жүйесін дамытудың еңбек нарығы мен кадрлар даярлау жүйесі арасындағы байланысты нығайту жөніндегі негізгі бағыттарын әзірлеу;
2) Қазақстан Республикасында сертификаттау және біліктілікті тану жүйесін құру мен дамыту;
3) Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### 3-тарау. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы және тәртібі

6. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы және тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі қызметі, мен таратылу туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.